



• БІРЛІК
ҚУАТЫ •



www.kazenergy.com





ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан тәуелсіз жылдары ішінде энергоресурстарды экспорттау бойынша дүниежүзілік көшбасшыларының біріне айналды. Уран өндіру бойынша алдыңғы қатарлы ұстанымдарға ие болып, көмір және мұнай бойынша 12 жетекші ел қатарына кіре отырып, еліміз осы санатта жаңа дүниежүзілік «ауыр салмақтылық» рөлін орындайды. Сонымен қатар дәстүрлі ресурстармен қатар экономикада энергия тиімділігін және тұрақты энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталу бар. Жасыл энергетикаға және энергоресурстардың дәстүрлі және жаңартылатын түрлерінде озық технологияларды пайдалануға көшу бойынша мүмкіндіктер белсенді түрде зерделенуде.

Энергетиканы дамытудың осындай қарқындылығы кезінде экономиканың ең ірі секторын әрі қарай дамыту жөніндегі стратегиялық маңызды ұсыныстар пысықталатын, мемлекеттің, компания мен инвесторлардың мүдделері жалпы мәнге келтірілетін жетекші диалогтық алаң ретінде KAZENERGY қауымдастығының қызметі ерекше қажет етіледі.

10 жылдан астам Қауымдастық қызметі өз мүшелерінің сияқты, мемлекеттік сектор, отандық және халықаралық энергетикалық қоғамдастық институттарының да құрметіне ие болды. Заңнама органдарымен, бейінді министрліктермен және нарықтың

ірі ойыншыларымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, KAZENERGY энергетикалық сектордың тұрақты дамуына, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын жасауға, инвестицияларды тартуға, барлау және өндіруді ынталандыруға және т.б. ықпал ететін концептуалды шешімдер ұсынды.

Белсенді халықаралық қызметті жүзеге асыра отырып, оның ішінде жетекші энергетика ұйымдарының мүшесі мәртебесінде KAZENERGY Қазақстанның мұнай-газ және энергетика салаларының позитивті имиджін алға тартады. Сонымен қатар Қауымдастық «Астана Экспо-2017» халықаралық көрмесінің іскерлік бағдарламасына да айтарлықтай үлес қосты.

KAZENERGY Еуразиялық форумы танымал халықаралық брендіне айналды, оның қонақтары әр жылдары мемлекет және үкімет басшылары, ең ірі энергетика компанияларының басшылары, баға беруіне бүкіл дүниежүзінің назары аударылған сарапшылар болды.

Атқарылған жұмыс аз емес, алайда алда барынша маңызды әрі ауқымды міндеттер тұр. Қауымдастық саланың тұрақты дамуы үшін бизнес пен мемлекеттің синергиясын қамтамасыз ете отырып, өз жұмысын қалыпты және конструктивті түрде жүргізетіндігіне сенімдімін.

KAZENERGY қауымдастығының
Төрағасы
Т. Құлыбаев

БАСШЫЛЫҚ



Тимур Асқарұлы
Құлыбаев
KAZENERGY қауымдастығының
Төрағасы



Жамболат Жақияұлы
Сәрсенов
KAZENERGY қауымдастығы
Төрағасының орынбасары




Ұзақбай Сүлейменұлы
Қарабалин
KAZENERGY қауымдастығы
Төрағасының орынбасары



Әсет Маратұлы
Мағауов
KAZENERGY
қауымдастығының
Бас директоры

АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ



Рүстем Хайроллаұлы
Қабжанов
Мұнай-газ және энергетика
саласын дамыту жөніндегі
атқарушы директор



Заңғар Мақсұтұлы
Ноғайбай
Құқықтық мәселелер
жөніндегі
атқарушы директор



Талғат Қалимбекұлы
Қарашев
Халықаралық
ынтымақтастықты дамыту
жөніндегі атқарушы директор



Ляззат Жексенбайқызы
Ахмурзина
Адами капиталды дамыту
жөніндегі
атқарушы директор



БІЗ ТУРАЛЫ

KAZENERGY қауымдастығы энергетиканың тұрақты және теңгерімделген дамуына жәрдем көрсету және инвестициялық климатты жақсарту мақсатында еліміздің отын-энергетика кешенінің барлық секторларының кәсіпорындарын қосқан Қазақстан Республикасының бірегей және ірі салалық бірлестігі болып табылады.

ПАЙЫМ

KAZENERGY қауымдастығы мұнай-газ және электр энергетикасы салаларында әділ және түсінікті «ойын қағидаларын» орнатуға, сондай-ақ мемлекет пен Қауымдастық мүшелері мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге арналған тиімді диалогтық алаң.

МИССИЯСЫ

Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін қорғау және саланың барлық қатысушылары арасында тиімді өзара іс-қимылды және пікір алмасуды ұйымдастыру арқылы олардың қызметі үшін жағымды жағдай жасау.





KAZENERGY көптеген жылдар бойы отын-энергетика кешенін жаңғыртуға бағытталған ең батыл және амбициялық шешім шығаруға және енгізуге қатысады, сондай-ақ саланың мүдделерін заңнама деңгейінде тиімді түрде қорғайды.


Қанат Бозымбаев,
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Еліміздегі мұнай мен
конденсатты жалпы
өндірудің
90% АСТАМЫ

Қауымдастық дүниежүзілік мұнай қоғамдастығында танымал болып, беделін арттырды, оның табысты қызметі ұлттық экономиканың мұнай-газ өндіруші секторының жетістіктерімен өлшенеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Тим Миллер,
Chevron Corporation Еуразиялық
бөлімшесінің басқарушы директоры

КОМПАНИЯЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН 10 ЖЫЛ ІШІНДЕ ТАБЫСТЫ ТҮРДЕ ҚОРҒАУ



BE PROTECTED

Қауымдастық Мүшелерінің мүдделерін заңнаманың барлық негізгі салалары бойынша қорғау

Қауымдастық табысты жұмыс жылдары ішінде мемлекеттік органдар мен Қауымдастық мүшелерінің барлық мүдделі тараптардың конструктивті диалогы, сала компанияларының пікірі мен проблемалы мәселелерін үкіметке жеткізу үшін алаң ұсынатын сенімді әріптес мәртебесіне ие болды

STAY CONNECTED

Саланың негізгі реттеуіштерімен өзара іс-қимыл жасау

Қауымдастық мүшелерімен байланысты дамыту.

Негізгі консультациялық-кеңес органдарына қатысу

Ірі халықаралық іс-шаралар мен ұйымдарға қатысу

GET INFORMED

ОЭК дамытудың ағымдағы трендтеріне қатысты өзекті ақпараттық-аналитикалық мәліметтерге қолжетімділік

Саланың беделді сарапшыларымен ірі іс-шараларға, сондай-ақ сараптама кеңестеріне, дөңгелек үстелдер мен семинарларға қатысу

Компанияның оң имиджін ілгерілету және әлеуметтік маңызды қызметін жария ету

KAZENERGY ай сайынғы жаңалық бюллетені мен журналы арқылы саланың негізгі оқиғалары туралы хабарландыру

ACT SUSTAINABLY

Тұрақты даму саласында үздік тәжірибемен алмасу мақсатында өзара іс-қимыл жасау

Қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуді қысқарту бойынша жәрдемдесу

Адами капиталды дамытуды қолдау

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын ілгерілету

Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру, жаңа технологияларды дамыту және жаңартылатын энергия көздерін теңдестіру түрінде тарту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ

ЖАҢА ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ЗАҢҒА ТӘУЕЛДІ АКТИЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ КЕЗІНДЕ САЛА КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БІЛДІРУ

Тұрақты және сапалы құқықтық орта – еліміздегі бизнес жұмысының жағдайларына әсер ететін негізгі фактор. KAZENERGY қауымдастығы сарапшыларының заңнаманы жетілдіру бойынша жұмысқа қатысуы оның негізгі басымдығы болып табылады. Қауымдастық сарапшыларының тұрақты назарындағы заңнаманың негізгі салалары бұл: салықтық реттеу, жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік әріптестік мәселелері және басқалар.

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

- Қауымдастық жобаларына жастарды қатыстыру арқылы ғылымның адами әлеуетін арттыруға жәрдемдесу;

- Кәсіби әйелдер қозғалысын ілгерілету арқылы салада гендерлік ассиметрияны еңсеру үшін жағдай жасау;

- Стипендиялық және гранттық бағдарламалар арқылы оқып жатқан жастардың зияткерлік әлеуетін қолдау;

- Ұлттық және салалық біліктілік жүйені қалыптастыру арқылы адами капитал жинағы.

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ

Өнім мен өндіріс процестерінің сапасын және қауіпсіздігін арттыруға, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, өндірістік емес шығындарды төмендетуге жәрдемдесу

ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ МҮДДЕЛЕРІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ БІЛДІРУ ЖӘНЕ САЛАНЫҢ ОҢ ИМИДЖІН ІЛГЕРІЛЕТУ

Саланың негізгі халықаралық ұйымдарымен ынтымақтастықты дамыту, халықаралық консультациялық кеңес органдарының жұмысына және ірі іс-шараларға қатысу.

АҚПАРАТТЫҚ-АНАЛИТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ұлттық энергетика баяндамасын тұрақты түрде жариялау. Секторлық аналитикалық зерттеулер.


KAZENERGY ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

ҚР отын-энергетика кешенін дамытудың негізгі сын-тегеуріндері мен ықтимал келешегін талқылау, өңірде ең ірі салалық оқиға шеңберінде Қауымдастық мүшелерінің имиджін ілгерілету мақсатында ашық және құзыретті диалогтық алаң ұсыну.


ЖАҢА ТЕХНИКА МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

Ғылыми-техникалық кеңес шеңберінде Қауымдастық ұйымдарында ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық және енгізу қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге жәрдемдесу.

БІЗДІҢ ҚҰРАЛДАРЫМЫЗ



КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-КЕҢЕС ОРГАНДАРЫ





Елімізде электр
энергияны
тасымалдаудың
жалпы үлесінен

100%

KAZENERGY қауымдастығы өткен жылдары саланы дамыту мәселелері жөніндегі ұсыныстарды талқылау, мониторингтеу және дайындау саласындағы мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың маңызды әріптесіне айналды. Бүгінгі күні Қауымдастық – мемлекеттік, үкіметтік және салалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруға міндетті түрде қатысады.

Бақытжан Қажиев,
«KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы

НЕГІЗГІ ТАБЫСТАР


- Коммерциялық табу бонусын алып тастау
- Өндіру сатысында геологиялық барлауға жұмсалған шығыстарды шегеруге жатқызу (табысты және табыссыз барлау кезінде)
- Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем (ТШӨТ), экспортқа ренталық салық, ПҚӨС және ҮПС орнына теңіз және аса терең кен орындары үшін жер қойнауын пайдалануға альтернативті салықты қолдану құқығын енгізу
- Шикізат мұнайдың кедендік шығарылым баж мөлшерлемелерін мұнай бағаларына байластыру (бұдан бұрын тіркелген болатын)
- Бірлескен барлау мен өндіруге өту іске асырылды
- Синергия мүмкіндігі көзделді (жобаларды бірлесіп әзірлеу)
- Келісімшарттарға қолжетімділікті жеңілдету
- Жобалау құжаттарының санын қысқарту және олардың келісуді жеңілдету
- ЖЭК жаңа объектілерінен электр энергиясына деген бағаны аукциондық саудалар тетіктерін енгізу есебінен төмендету
- Газдың шарасыз технологиялық жағылуы жағдайында жабдықтар мен процесердің технологиялық істен шығуын/ауытқуын іске қосу
- Газды ошақтарда жағу жағдайларында эмиссиялардың артқаны үшін жауапкершілік базасын қысқарту
- «Қалдықтарды уақытша сақтау» түсінігін енгізу
- Мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы уақытта КТКС-ға өндірістік мониторинг жүргізілмейді
- Компаниялардың өз қондырғылары арасында парниктік газ шығарындыларына квоталарды белгілеу құқығы іске асырылды

- Парниктік газ шығарындыларына квоталарды белгілеу әдістемесін орнату операторын таңдау құқығы іске асырылды (тарихи әдіс немесе бенчмаркинг әдісі)
- Мұнай базалары үшін мұнай өнімдерін есепке алудың бақылау құралдарының (ЕБҚ) жүйесін енгізу бойынша талаптарды алып тастау және АҚС үшін мерзімін ауыстыру
- ЭСА мөлшерлемесін битумға (15 EUR/тоннаға дейін), мазутқа (30 USD/ тоннаға дейін) төмендету
- Мұнай өндіруші зауыттарда мұнайға ішкі бағаларды 7-38% мөлшерінде арттыру
- Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар тізбелері өзектендірілді
- 37 ұлттық стандарт пен 26 алдын ала ұлттық стандарты әзірленді және бекітілді
- Отандық өндірушілер мүдделерін қорғау мақсатында ТЖҚ-да ұлттық стандарттарды қолдану бойынша мәселелер пысықталды
- Ұлттық және халықаралық стандарттарды қабылдау рәсімі жеңілдетілді
- Өндірістік объектіде барлық өлшем құралдарына жыл сайынғы тексеру жүргізу қажеттілігін белгілейтін талаптарды алып тастау
- ЕАЭҚ елдерінің аккредиттелген зертханаларында мұнай сәйкестігін бағалауды міндейтін нормалар алынып тасталды
- Колоннааралық қысымы бар ұңғымаларды пайдалануға рұқсат ететін нормаларды алып тастау бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді
- Мұнай-газ, мұнай өндіруші және мұнай-химия салаларының «Салалық біліктілік шеңбері» бекітілді
- Еңбекақысын төлеу мәселелері бойынша салалық келісімге саладағы минималды тарифтік мөлшерлеме бөлігінде өзгерістер енгізілді

ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІ

НЕГІЗГІ СЕКТОРЛАР:

- Мұнай өндіру
- Мұнайды қайта өндіру
- Тасымалдау
- Газ өндіру
- Электр энергетикасы
- Сервистік компаниялар
- Атом өнеркәсібі



ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ КОМПАНИЯ-МҮШЕЛЕРІ ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАЛПЫ ҮЛЕСТЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:

Мұнай және конденсат өндіру
90% АСТАМ

Газ өндіру (табиғи және ТМД)
95% АСТАМ

Мұнайды тасымалдау
25-28%

Газды тасымалдау
100%

ҚР ЕЭК электр станцияларының орнатылған жиынтық қуаттылық үлесі
30% АСТАМ

Электр энергия өндірісі
35% АСТАМ

Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) бойынша электр энергияны тасымалдау
100%

Мұнайды қайта өңдеу
95% АСТАМ

Көмір өндіру
40% АСТАМ



Беделді саяси фигураларды, әлемге танымал сарапшыларды, сондай-ақ ірі энергетика компаниялары мен халықаралық ұйымдардың бірінші басшыларын қоса алғандағы қатысушылардың жоғары деңгейі ішараның сәтті өтуін және танымал болуын қамтамасыз етті.



KAZENERGY ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫ

КAZENERGY Еуразиялық форумы өзінің он жылдық тарихы ішінде өңірдегі энергетикалық сектордың басты халықаралық оқиғасына айналды.



Еуразиялық форум энергетикалық нарық қатысушылары арасында тиімді диалогты қамтамасыз етуге, энергетика жүйесін дамытудың өзекті тенденциялары мен бағыттарын қарауға арналған. Осы оқиға шеңберінде алға қойылатын стратегиялық бастамалар еліміздің мұнай-газ және энергетика кешенін қарқынды және тұрақты дамыту үшін оң алғышарттар жасайды.



2500+
Делегат

200+
Медиа

50+
Ел

30+
Ұйым



50+
Спикер

300+
Компания

1000+
Жарияланым





Елімізде мұнайды қайта өңдеудің жалпы үлесінен 95% АСТАМ

Біз KAZENERGY қауымдастығының мұнай-газ және энергетика салаларын тұрақты дамыту мақсатында бизнес пен билік арасындағы конструктивті диалогты қамтамасыз ету бойынша қызметін жоғары бағалаймыз.

Ренато Мароли,
Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.
Бас директоры

Қауымдастықтың энергетика қоғамдастығының қатысушылары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге, бизнес пен билік арасында диалог ұйымдастыруға, мемлекеттік және халықаралық деңгейлердегі энергетика компанияларының мүдделерін ілгерілетуге қосқан үлесін бағаламау қиын.

Сауат Мыңбаев,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы



ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

Ұлттық энергетикалық баяндама KAZENERGY қауымдастығының Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің даму келешегіне деген стратегиялық көзқарасын білдіреді. Осы аналитикалық өнімге барлық энергетика факторларын талдау, салалар бойынша дамыту бағдарламалары, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар кіреді.



Бұдан басқа Баяндамада Қазақстанның экономикасы мен энергетикасына ықпал еткен геополитикалық және экономикалық өзгерістер туралы зерттеулер бар. Қазақстанның жаңармалы энергия көздерін пайдалану, «жасыл бастамаларды» іске асыру, экономиканың энергия және ресурс сыйымдылығын азайту бойынша әлеуетіне баға берілді.

Баяндама мемлекеттік органдарда, халықаралық ұйымдарда, ғылыми және бизнес қоғамдастықтарында жоғары бағаға және талапқа ие болды.





KAZENERGY-ГЕ БҮГІН ҚОСЫЛЫҢЫЗ!
ПРИСОЕДИНИСЬ К KAZENERGY СЕГОДНЯ!
JOIN KAZENERGY TODAY!

ҚАУЫМДАСТЫҚҚА КІРУ ШАРТТАРЫ

Қауымдастық мүшелері болып қызметтері мақсаты мен мәніне қарама-қайшы келмейтін заңды тұлғалар, одақтар, қауымдастықтар, қоғамдық бірлестіктер, қорлар, басқа коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдар бола алады.

Қауымдастыққа қабылдау Қауымдастық Төрағасының атына заңды тұлғаның жазбаша өтініші және оның мүшелікке кіру жарнасын төлеуі негізінде Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

ҚАУЫМДАСТЫҚҚА КІРУ КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ:

- 1) Заңды тұлғаның Қауымдастық Төрағасының атына жазбаша өтініші (еркін нысанда);
- 2) Заңды Тұлға жарғысының көшірмесі;
- 3) Қауымдастыққа кіруге ниет білдірген заңды тұлға қызметінің қысқаша сипаттамасы (мүмкін болса орыс және ағылшын тілдерінде).

Мүшелікке кіру және жыл сайынғы жарна мөлшері бойынша ақпаратты **+7 7172 79 01 82** телефоны арқылы нақтылауға болады.

Байланыс: **kense@kazenergy.com**





Еліміздегі электр
энергиясын
генерациялаудың
жалпы үлесінен

35% АСТАМ

Кәсіпқой мамандардың күш-жігерлерін біріктіре отырып, KAZENERGY энергетикалық шақыруларды бағалауға, озық тәжірибелерді алып, Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін тиімді дамыту бойынша шараларды бірлесіп жасауға мүмкіндік береді.

Алмасадам Сатқалиев,
«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма төрағасы



RENEWABLE



KAZENERGY

www.kazenergy.com